

«Атырау облысы білім беру басқармасының» Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебі» бойынша 2021-2022 оқу жылындағы №1 бақылау комиссиясы отырысының хаттамасы

Күні: 03.09.2021ж.

Тексерудің мақсаты:

1. Оқушыларға сапалы ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру;
2. Мектеп асханасының жұмысы мен тазалығы.

Комиссия құрамы:

1. Гапуова Б. – комиссия төрайымы, мектеп директоры;

Мүшелері:

2. Тумаков Ж. – әлеуметтік педагог;
3. Нургалиева Х. – мердігер ИП «Нургалиева»;
4. Соколова С. – диеталық медбике ИП «Нургалиева»;
5. Мақатова А. – ата-аналар комитетінің төрайымы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры: Гапуова Б. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға тамақты ұйымдастыру, сондай - ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз ету мен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №598 бұйрығын басшылыққа ала отырып 1-4 сыныптың 341 оқушысына және 5-11 сыныптың 61 оқушысына ыстық тамақты қамтуды ұйымдастырып отырмыз. Әр күн сайын асханада мектеп әкімшілігі кезекшілікте болады және тамақ берілудің сапасын, дәмін менюге сәйкестігін, яғни ыстық тамаққа қажетті барлық мәселені бақылап отырмыз.

Әлеуметтік педагог: Тумаков Ж. 2021-2022 оқу жылында 2 қыркүйектен бастап 1-4 бастауыш сыныпқа және 5-11 сынып оқушыларының ыстық тамаққа барудың кезекшілік кестесі жасақталды. 1 күндік тамақтың құны 200 теңге. 1 ауысымда 09:15, 09:35, 10:15, 10:45 кесте бойынша тамақтанса, 2 ауысымның оқушылары 13:25, 14:25, 3 ауысымның оқушылары 15:35, 16:35, 16:55, 17:05 тамақтанады, 5-11 сыныптар бойынша әлеуметтік жағдайы сараланған 61 оқушы 1 кезек 10:35, 11:25 -те, 2 кезек 15:35, 17:25-те тамақтанады.

Мердігер ИП «Нургалиева» басшысы Х.Нургалиева – менің мектебімдегі ыстық тамақпен қамту жұмыстары мен айналысқаным көп жыл болды. Қарамағымдағы қызметкердің

гигиеналық және санитарлық талаптарды орындауын қадағалап отырамын. Күнделікті ас меню бойынша пісіріледі. «Бақылау асы» күнделікті қойылып отыр. Асхана қызметкерлері медициналық кітапшадан өткен, вакцинация алынған. Мектеп тарапынан қойылып отырған талап арызыңыз болса орындауға әзірміз.

Бүгінгі асхананы тексеру қорытындысы бойынша:

- Ас мәзірі бойынша барлық тағам дайындалған;
- «Бақылау асы» қойылған;
- Оқушыларға тамақ сабақ кестесі бойынша уақытында әзірлеренді.

Қаулы:

1. Күнделікті 1-4 сынып және 5-11 сыныптар бойынша әлеуметтік жағдайы сараланған оқушылардың кесте бойынша тамақтануын қадағалау Ж.Тумаковқа жүктелінсін.
2. Мердігер ИП «Нургалиева» Х.Нургалиеваға асханадағы санитарлық талаптарды орындап, асхана қызметкерлерінің менюге сәйкес тамақты пісіруін, күнделікті «Бақылау асы»-ның қойылуын қадағалау.
3. Бракераж журналының күнделікті жазылып отырылуы диеталық медбике С.Соколоваға тапсырылды.

Мектеп директоры:

Мердігер ИП «Нургалиева»:

Хатшы:



Гапуова Б.
Нургалиева Х.
Тумаков Ж.

Гапуова Б.

Нургалиева Х.

Тумаков Ж.